

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Дәрі-дәрмек" дәрілік құралдар орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қазандағы N 1081 Қаулысы

Дәрілік құралдардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ету саласындағы жұмысты жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Дәрі-дәрмек" дәрілік құралдар орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Дәрілік құралдарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Ұлттық орталық) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Ұлттық орталық қызметінің негізгі мәнісі денсаулық сақтау саласында дәрілік құралдардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ету жөніндегі өндірістік-шаруашылық қызметті, сондай-ақ жаңа бірегей дәрілік құралдарды әзірлеу, фармация, фармакология саласындағы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық мемлекеттік басқарушы орган болып белгіленсін.

4. **(алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.09.11 N 837 Қаулысымен).**

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Ұлттық орталықтың Жарғысын бекітуді және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 2 қазандағы

N 1081 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Дәрілік құралдарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының құрылатын еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесі

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.09.11 N 837 Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК